

қызы мен Айнадан айырылғанына тең. Бұл жерде өмірдің негізі-әйел деген ой жатыр. Әйелді негіз, ұйытқы архетипінде көре аламыз.

Ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, ғылыми-әдеби еңбектерді оқып, ізденіп, көркем шығармадан мысал келтіріп, сауалнама жасап, нәтиже мен талдау жүргізілді. Әдебиеттің басты объектісі-адам болғандықтан, адамзат түптамырын, сезімін, қасиетін зерттеу үнемі ескірмейтін тақырып. Зерттеу жұмысын жүргізе отыра, келесідей ойға келдік:

- архетип- адамның түпнегізі, түпнұсқа қасиеті;
- архетип көптеген ғылымның негізі;
- әйел архетипінің типтерін қазақ прозасында кеңінен байқай аламыз;
- Қойшыбек Мүбәрак шығармаларында жаңашыл әйел архетипі көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Юнг К.Г. Об архетипах коллективного бессознательного //Архетип и символ/ пер. А.М.Руткевича. - М: Ренессанс, 1991.- 485 с.
- 2) <https://abai.kz/post/17289>
- 3) Мелетинский Е.М. О литературных архетипах / Российский государственный гуманитарный университет. — М.. 1994. — 136 с.
- 4) <https://qamshy.kz/article/15619-resey-psikhology-qazaq-ayelderininh-arkhetipi-turaly-dal-osy-dgerde-men-naghyz-a>
- 5) https://adebiportal.kz/kz/news/view/qoisybek-mubarak-menin-ar-sygarmanyn-artyndy-bir-aiel-turady_20426
- 6) <https://bilim-all.kz/article/13307-Bultarys>
- 7) <https://adebiportal.kz/kz/amp/news/view/22278>

Өміртай Мерей

КО-21-22 студенті

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

omirtay.merey005@mail.ru

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д., профессор Б.С.Рахимов

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЖАҒЫМСЫЗ БЕЙНЕЛЕР

Қазақ фольклорына үңіле қарасақ, сонау тарихтың тағылымды дүниелерінің татымы келіп тұрады. Үлгі-өнегелі тарихымызды халқымыз небір шығарма, әпсана, әңгіле, батырлар жыры, ертегілермен жеткізіп, жас ұрпақ санасына сіңіріп өскенін құп көрген. Ертедегі адамдар тағдыр талайлары сан алуан өзгелешілімен ерекшеленеді. Халық прозасының аңыз, ертегі мифтердің әрқайсысында жақсылық пен жамандық арасында күреске құрылады. Біздің мақаламыз да ертегі немесе аңыз қаһармандарына кедергі келтіріп, қастандық жасаушы ұнамсыз кейіпкерлер сөз болады. “Қазақ ертегілерінде ғажап батыр, айдай сұлулар болса, оларға қарсы Мыстан кемпір, жалмауыз, жезтырнақ, жалғыз көзді жалмауыз, жеті басты жалмауыз және тағы да басқалар араласады” [7, 12]

Қай халықтың болсын алғашқы көркем классикалық шығармашылығы ертегіден басталады. Өмір жолын адамзаттың күресі десек, ертегіде сол өмір үшін күрес қалай басталғандығын баяндайды. Сол баяндаулар нәтижесінде түрлі бейнелер ерекшеленеді екен.

“**Ертегі** – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры-халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем эстетикалық әдеби қаазына. Ертегінің түрлі жанрлық ерекшелігі осы екі сипаттан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басы міндеті-сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек ертегі шындыққа бағытталмайды, ал

ертекші әңгімесін өмірде болған деп дәлелдеуге тырыспайды”[2,198]Қазақ ертегілерінде хандық заманның шындығы,сол шақтағы әдеттер мен нанымдар ,салт-дәстүрлер ,тұрмыс кейпі көбірек көрініс тапқан.Мысалы:”Ұр тоқпақ”,”Тазша бала”,”Мақта қыз”,”Ер Төстік”,”Жеті қарақшы”,”Күн астындағы Күнекей”,”Қаңбақ шал”,”Бауырсақ”,”Шалқан” тағы басқа ертегілер өткен өмірдің сырынан хабар береді.Бұл ертегілерде басты кейіпкерлерге жауыздың жасаушы ұнамсыз кейіпкерлер көбіне мыстан кемпір,қарақшы ұрылар болып келеді.”Осындай арпалыс,алыс-тартыс күрестерде қастық жасаушыларды талқандап шығатын,сөйтіп,мақсат-мұратына жететін адам баласы болады.Қоршаған,күресетін жаулар қаншама мықты болса да,адам баласы оларды жеңіп отырады”[3,103]

Ертегілер ішінде шығу тегі жағынан алғашқы болып саналатыны қиял-ғажайып ертегілер екені мәлім.Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріне:”Ер Төстік”,”Тазша бала”,”Күн астындағы Күнекей”,”Қаңбақ шал”,”Құламерген”,”Жоямерген”,”Есекмерген” және тағы да басқалары.Барлығы белгілі десек,осы ертегілердің ішінде адамға қатер төндіретіндер әйелдер болып келеді.Әрине,ертегіде кездесетін әйелдер бейнесі асқан ақылдылықпен көзге түседі.Оған дәлел ретінде Кенжекей,Жұпар секілді кейіпкерлер аталады.Ал жамандық жасаушылар “Мыстан”,”Жалмауыз”,”Жезтырнақ” секілді әйелдік образдар болып келеді.Осы жағымсыз кейіптегі образдар дайында академик Ә.Марғұлан:”Ерте кездерде халық өзіне жау күштерімен күресу үшін жылан,Жалмауыз,Жезтырнақ,қасқыр,Бөрікүс қай-қайсысы болса да адамға жау күштердің жиынтығы,ұнамсыз бейнелер.Солардың бәрін образдап ойлаудың өз кезеңіне тән көрінісі,дәреже деп түсінген жөн”[4,151]

«Ер Төстік» ертегісінде де Желаяқпен бірге жаяу жарысқа түскен мыстан оны айламен жеңбекші болады. *Желаяққа:*

«Шырағым, шаршадың зой. Басыңның битін қарап берейін, деміңді алып ұйықта, жарысарда өзім оятамын», – деп, оны алдап ұйықтатып тастайды.

Желаяқ мыстан кемпірдің сөзіне нанып, қаннен-қаперсіз ұйықтап жата береді. Бір мезгілде оянса, шекесінен күн өтіп барады. Түс болып қалған екен, желаяқтар әлдеқашан кетіп қалыпты. Кемпірдің алдағанын біліп, Желаяқ санын бір-ақ соғып, тұра жөнеледі. Жерден бір уыс топырақты ала жөнеледі. Құстай ұшып, құйындай ұшып келе жатса, жаяулар да қазықшаға жақындап қалған екен, ең алдында мыстан кемпір бара жатыр екен. Желаяқ өте беріп уысындағы топырақты кемпірдің көзіне шашып кетеді. «Алда ғана көк шешек-ай, мықтадың-ау!» – деп, кемпір көзін уқалап қала береді, – деген үзіндіден мыстанның тек айла-амалмен ғана жеңіске ұмтылатындығы анық аңғарылады.

Бұл Мыстанның айлакер де ақылдылығының көрінісі.Қазақтың ертегіден тыс хикаят жанр мен батырлық ертегілерде кездесетін Жалмауыз сынды жағымсыз кейіпкердің бір түрі-”Жезтырнақ”.Жезтырнақ-қазақ фольклорында көп кездесетін,фольклорлық мұралардың көпшілігінде әйел кейіпінде суреттелетін,бойы айла мен ақылға тұнған,жойқын күші бар,адамға қас кейіпкерлер екендігі қорқынышпен баяндалаады.

«Есекмерген» ертегісіндегі жезтырнақ бейнесі де осыған ұқсас. Айдалада оттың басында отырған Есекмергенге жезтырнақ келіп жолығады.

«... Қанша батыр болса да, осыдан қорқады. Жеп отырған тамағынан ет береді жезтырнаққа, бірақ жезтырнақ дәрменсіз болады, тырнағы икемге келмей жей алмайды. Есекмерген аузына қасығымен ет салады. Ақырында жезтырнақ шыдамы жетпей, кетіп қалады». Бұл сарын Арық мерген, Шора мерген ертегілерінде де кездеседі. Қай шығарманы алмайық, жезтырнақ адамға көрген беттен бас салмайды. Ол алдымен адаммен кездесіп, оның ұсынған дәмін татып, кетіп қалады. Бірақ қанша ақыл иесі болса да жезтырнақ халықтан шыққан батырлардан жеңіліп қалып отырған.

Жауыз күштердің ертені бейнесін бір ғана ертегіден тануға болады екен.Біз көбірек өңілген “Ер төстік” ертегісінде бір ғана Мыстан емес,Бекторы перінің қызы,Темір хан жер асты патшасы адамды аяуды білмейтін Шойынқұлақтар адам баласына қастық жасаушылар ретінде сипатталады.Бұл кейіпкерлер не үшін керек?Ертегіге қалай енді?Аталған сауалдарға Мәлік Ғабдуллин былайша жауап берген екен.”Жағымсыз образдағылардың іс-әрекеттерін

суреттей отырып, халық өздерінің ертегі-әңгімелерінде, жырларында сөз ететін жағымды образдағы кейіпкерлердің бейнесін арттыра түседі» [5, 108]

Анығында Бекторы керемет мықты жауыздықтың бейнесі. Одан ертегідені Шойынқұлақ та, Мыстан да құрақ ұшып, қорқатынын байқаймыз. Оларды амал-айласы күшті Бекторы пайдаланып бағады. Соншалықты күшті болса да, мақсатына жете алмайды. Бұл әділдік пен әділетсіздіктің арасындағы тай-таласта Ер Төстік пен Кенжекейлер жеңісті болып шығады. Бұл күрес ертеде ертегілерде бейнеленсе, бүгінде жауыздық жолында күресіп жүргендер мүлде жоғалып кеткен жоқ.

Жауыздық пен Жақсылық арасында күрес жүріп жатыр. Жеңіс кімде екенін өмір көрсетуде. Өмір сонымен қызықты шығар....

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М., Ысмайлов Е. Қазақ ертегілері. 3 томдық. - Алматы: қазқорәдеб. бас., 1957. 1 т. 257б
2. Қасқабасов С. Жаназық. - Астана: Аударма, 2002. 584б
3. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. - Алматы: мектеп, 1974. - 320б
4. Марғұлан Ә. Қорқыт ата өмірі мен аңсаналары. - Жұлдыз. 1983. /3
5. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. - Алматы-Мектеп, 1974. - Б. - 109.

Серікбай Жұлдызай Бақытқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс студенті
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
serikbayjuldizay@gmail.com

*Ғылыми жетекшіі:
Такиров С.У., ф.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор*

МИСТИК ЖАЗУШЫ - ҚОЙШЫБЕК МҮБӘРӘК

Мистика деген не? Мистика (гр. *mystikos* – құпиялы) – дүниеге діни - идеалистік көзқарас. Оның негізінде табиғаттан тыс күштерге сенім жатыр. Мистика - оқырманның жүйкесін асықпай қытықтайтын жанр. Бұл жанрда реализмнің өзі мистикалық тұрғыда бейнеленеді. Ал мистиканың негізгі құралы - үрей, логикаға бағынбайтын тылсым күштер. Оның құрамдас бөліктері – оғаш оқиғалар мен түсініксіз құбылыстар, басқа дүниенің белгілері мен күтпеген жерден пайда болатын салқынқанды тіршілік иелері болып табылады. Мистика – ежелгі грек философтары Платон, Сократ, Герместердің эллинистік мұраларында кездесетін байырғы ұғымдар қатарына кіреді. «Мистика» ұғымы теологтар мен философтардың еңбектерінде адамның мистикалық құбылыс деп санайтын нәрсемен байланысу тәсілі және әрқилы діни-философиялық ілімдер ретінде көрсетіледі. Бұл жайлы зерттеуші М.И. Шахнович: «Мистика» – табиғаттан тыс күштердің бар екендігіне сену және әртүрлі магиялық тылсым әдістер арқылы олармен тікелей байланысқа түсуге болатын діни-идеологиялық сенім көрінісі» - дей отырып, мистиканың мынадай түрлерін алға тартады: табиғат пен қоғамның құпия жағдайда пайда болып, мұғжизалы оқиғаларды (адамдардың өмірінде орын алатын тосын оқиғаларды) тағдырдың жазуы деп түсіну. Ал осы мистикамен ұғымдас мистицизм жайлы ислам философы Бекташ-и Вели «Китаб аль-Фаваид» атты еңбегінде: «Мистицизм – сана мен ойынды бос ұстап, барынды тылсымдылыққа жұмсау». - деп көрсетеді. Мистикадағы басты кейіпкер - қорқыныш. Тек кейіпкердің қорқынышы ғана емес, оқырманның да қорқынышы. Қорқынышты көріністі шынайы жазу үшін қорқыныштың адамға қалай әсер ететінін түсіну керек. Қорқынышты бірденені алдын ала сезбестен, белгісіз және қорқынышты қауіпті сезінбестен, сіз өзіңізді әдеттегі тәсілдермен жасыра алмайсыз немесе қорғай алмайсыз (сол нәжіспен немесе тапаншамен), мистикалық құбылыс жай ғана